

Қорқыныш VS Арман

Автор: Турдахун.А , Орымбаев.Д

Жанр: Coming-of-age

Уақыты: 7 минут

ЭПИЗОД – 1

(Жазғы демалыс-ватсап хабарлама)

Кейіпкер-Амина, жазғы демалыстарының бос өтіп кетуінен қорқып, құрбысына “Тауға шығу” жайлы ұсыныс тастайды.

ЭПИЗОД – 2

(Таң-екі түрлі болмыс-кездесу)

Ұйқыдан оянған екі кейіпкер екі түрлі таңды аттырады. Амина Томиристің үйіне келіп, тауға шығуға мүмкіндік болмағанын біліп, оның орнына қыдыратын киімін киіп келіп, Томиристің ұйықтап қалғанына ренжігендей болады. Томирис ті көндіріп, оның орнына қалаға шығуға ұсыныс тастайды. Екі кейіпкер Алматының сұлу жерлерін аралап, жақсы көңіл күймен қыдырып жүреді.

Соңында шаршаған- **Томирис** : ЕРТЕҢ МЫНА ТҮРІММЕН ТАУҒА ҚАЛАЙ ШЫҒАМЫН?
АМИНА: НЕ ОЙЛАСАҢ СОЛ БОЛАДЫ, ҚОРЫҚПАШЫ...

ЭПИЗОД – 3

(Тау-қиналыс-түс)

Тауға қиналып шыққан 2 кейіпкер ең қызықты оқиғаны бастан кешеді. Тауға шыққан бойдан

Томирис: бұл жер қорқынышты ғой, шаршадым

Осы сөзі арқылы ол “не ойласаң сол болады” деген ұстанымның мәнін ашады. Тауда 5 минут сергіп алайын деген ол көзі ілініп кетіп, ұзақ түсті көреді. Түс- тікелей қорқынышқа бағытталған. Ол ойлаған нәрсе оның түсіне кірді. Егер ол жақсы ойлап, жақсы қабылдағанда бәлкім басқаша болар ма еді?

ЭПИЛОГ- МОНОЛОГ

Шүкір, бұл түсім болды. Ал егер өңім болса ше. Не ойласаң сол болады дегенге көзім тағы да жетті. Неге жақсы дүниелерді ойламасқа, қамшының сабындай қысқа ғұмырымыз көзді ашып жұмғанша өтіп кетеді екен.

Бізге бұйырған өмірді өңімізде ояу әрі жақсы ойлармен өткізейік. Себебі жақсы ойлау тек жақсылыққа апарады....